

**«Жалпы биология және геномика» кафедрасының
БВ05107 «Биология» 4 – курс студенттерінің дипломалды
практикасының**

ЕСЕБІ

БВ05107-Биология мамандығының оқу жоспарына сәйкес 2023 жылдың 6 наурыз және 15 сәуір аралығында 4 курс студенттері дипломалды практикадан өтті. Дипломалды практикасынан мамандық бойынша қазақ тобынан 65 студент, орыс тобынан 13 студент практиканы толықтай өтті. Дипломалды практика әрбір студенттің практика және диплом жетекшілерінің жетекшілігімен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, жаратылыстану ғылымдары факультетінің, жалпы биология және геномика кафедрасының базасында жүргізілді. Дипломалды практикада студенттер жеке жоспарларына сәйкес шет елдік және отандық әдебиеттер жинап, зертханаларда зерттеу жұмыстарын жетекшінің басшылығымен толықтай орындап нәтижелерін күнделікке толықтай түсіріліп есеп берілді.

«**БВ05107-Биология**» мамандығы бойынша оқитын 4 курс студенттерінің дипломалды практикасы жоғары білікті мамандар даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады және оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған. Дипломалды практика - бұл студенттердің таңдаған мамандығын игерудегі мамандандыру пәндері бойынша білімді тереңдетуге және дәстүрлі және заманауи әдістерді қолдану дағдыларын бекітуге, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік және өндірістік жұмыстарды ұйымдастырумен, өндірістік міндеттерді орындаумен танысуға бағытталған жүйе.

Студенттер өздерін қызықтырған тақырып бойынша дипломдық жұмыстарын жетекшілерінің көмегімен жазуды осы практика барысында жүргізді. Дипломалды практика мамандық профилін ескере отырып ұйымдастырылады. Әрбір студент жетекшісі жасаған жеке тапсырма бойынша, практика кезінде студент нақты ғылыми тапсырманы өз бетінше орындайды.

Спанбаев А.Д. жетекшілігінде 5 студент, Мукатаева Ж.М. жетекшілігінде 4 студент, Дукенбаева А.Д. жетекшілігінде 4 студент, Манабаева Ш.А. жетекшілігінде 3 студент, Арипова А.А жетекшілігінде 3 студент, Абиев С. жетекшілігінде 3 студент, Суйлеменова А.Е жетекшілігінде 1 студент болып тағы сол сияқты жалпы биология және геномика кафедрасының мұғалімдеріне бөлінді. Сол сияқты Нурсафина А. Ж. Жетекшілігіндегі болған 5 студенттер көбінесе білім беру методикасы туралы ғылыми жұмысты жасаған, мысалы, Медеуова Зере «Биология пәнін дамыта оқытуда заманауи танымдық контенттер мен платформалық курстардың маңызын зерттеу» тақырыбында дипломдық жұмысын жазды.

Дипломалды практиканы түсіндіру жиналысы 6 наурыз күні оффлайн форматта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде өтті.

Бұл конференцияға 4 курстың 78 студенті қатысты, жүктеме бойынша бакалавриат бойынша практика жетекшісі қазақ тобында Бг 41, 43 практикаға жауапты (аға оқытушы Нурмухамбетова Г.С.). Студенттер өндірістік практиканың

негізгі базаларына жіберілді, офлайн режимде арнайы зертханаларда дипломалды практикадан өтетін болды.

Жоғарыда аталған Бг – 41, 42 және 43 топтардың студенттері дипломалды практикаға қажетті талаптарды толық орындалып (презентация, күнделік, есеп) тапсырылды.

Практика жетекшісі:



Нурмуханбетова Г.С.

Студенттер дипломалды практиканың негізгі базаларындағы фотосуреттері:









